

**"Мемлекеттік театрларға, концерттік ұйымдарға, мәдени-демалыс ұйымдарына, музейлерге және цирктерге субсидиялар төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 16 қарашадағы № 354 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 394 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 желтоқсанда № 31290 болып тіркелді. Бұйрық 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданыста болды.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

**Бұйрықтың қолданыста болу мерзімі - 31.12.2022 дейін (осы бұйрықтың 4 т. қараңыз).**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Мемлекеттік театрларға, концерттік ұйымдарға, мәдени-демалыс ұйымдарына, музейлерге және цирктерге субсидиялар төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 16 қарашадағы № 354 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12608 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік театрларға, концерттік ұйымдарға, мәдени-демалыс ұйымдарына, музейлерге және цирктерге субсидиялар төлеу қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар):

көрсетілген Қағидаларға 1-1-қосымшада:

реттік нөмірі 6-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

6.	85 %	"Наталья Сац атындағы Орыс мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры" РМҚК	
----	------	---	--

";

реттік нөмірі 15-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

15.	91 %	"Роза Бағланова атындағы "Қазақконцерт" мемлекеттік концерттік ұйымы" РМҚК	
-----	------	--	--

";

реттік нөмірі 16-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

16.	94,8 %	"Қалибек Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры" РМҚК	
-----	--------	---	--

".

реттік нөмірі 30-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

30.	94,8 %	"Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі" РМҚК	
-----	--------	--	--

".

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Экономика және қаржы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық қолданысқа енгізілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы тармақта көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрі

Д. Абаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК